

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Алқатерек ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 21 маусымдағы № 4.19.1-11/104 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Алқатерек ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 4.19.1-11/106 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 16 қыркүйекте № 24377 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасы "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағына сәйкес және Ақжар ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық - санитарлық инспекторының 2021 жылғы 24 мамырдағы № 07-29/64 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Алқатерек ауылдық округі Алқатерек ауылының "Ақерке" шаруа қожалығының аумағында құтыру ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шаралардың жүргізілуіне байланысты белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Алқатерек ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 21 маусымдағы № 4.19.1-11/104 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23231 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Алқатерек ауылдық округі әкімі*

*Н. Алин*